

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОО-ДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Нуржанова А.А., 3 курс, экономика және құқық институты, құқықтану мамандығы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Тажимаева А.Х., аға оқытышы, з.ғ.м., А.Байтұрсынов атындағы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытудың басты шарттарының бірі инклюзивті білім беру жүйесінде кедергісіз орта құру және тиісті техникалық жабдықтау болып табылады. Еліміздің көптеген университеттерінде мүмкіндігі шектеулі студенттер мен мүгедек адамдарды инклюзивті оқыту үшін жағдай жасау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Мақалада, инклюзивті білім беру тетіктері мен оның өзекті мәселелерін шешу жолдары қарастырылған.

Инклюзивті білім беру – бұл барлық балалар, олардың физикалық, психикалық зияткерлік, мәдени, этникалық, тілдік және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне қосылып, олардың мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балаларға қажетті арнайы қолдау көрсететін тұрғылықты жері бойынша білім алатын оқу процесін ұйымдастыру. Инклюзив сөзі – латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары: даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қоғамның толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру, мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру процесіне қосу процесін реттейтін нормативтік құқықтық база құру, даму мүмкіндіктері шектеулі балаға ерте анықтау және кешенді көмек көрсету, жалпы білім беру ортасында баланы білім беру процесіне қосудың әртүрлі нұсқалары көзделуі тиіс, даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарды кәсіби-еңбектік даярлау, білім беруді бағдарламалық-әдістемелік және оқу-дидактикалық қамтамасыз ету, мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарын материалдық - техникалық жарақтандыру, инклюзивті білім беруді дамыту процесіне ата-аналар мен қоғамдық ұйымдарды қосу, мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру процесіне қосу жүйесін теориялық, әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталған арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу болып табылады [1].

ЖОО-да инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі студенттерге қатысты ерекше стратегияны қарастырады: оқытудың барлық кезеңдерінде жалпы топтарда бірлескен дәріс сабақтары арқылы университет ортасына бірігу қарастырылған; жоғары білімнің барлық деңгейлері қол жетімді: бакалавриат, магистратура, докторантура; экономикалық тұрғыдан тәуелсіз және елдің дамуына өз үлесін қосуға қабілетті зияткерлік еңбек кәсіпқойларын даярлау [2].

Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін іске асыру тетіктері. Әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету: мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивті және кіріктіріп оқытудың әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздерін әзірлеуді, ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларды жалпы білім беру процесіне қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруды; ерекше оқытуды қажет ететін оқушыларға оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын бейімдеуді (білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды, базалық пәндер бойынша оқытудың пәндік нәтижелері мен дағдыларын, оқу процесін ұйымдастыру шарттарына қойылатын талаптарды); ерекше оқытуды қажет ететін балаларды оқыту нәтижелерін мони-

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

торингілеу және бағалау жүйесін әзірлеуді, инклюзивті білім беру шарттарына баланың оқу жетістігін критериалды бағалауды бейімдеуді; үйден оқыту сапасын бағалау жүйесін әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Кадрлық қамтамасыз ету: инклюзивті тәжірибені іске асырушы ұйымдардағы қызмет шарттарына педагогтардың дайындығын қамтамасыз ету; педагогикалық мамандықтары бар жоғары, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу жоспарына «Инклюзивті білім беру» және «Арнайы педагогика негіздері» пәндерін қосуды; инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарға арналған педагог кадрлардың, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың ерте жастағы балалары үшін дефектолог-мұғалімдер мен педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламасын жетілдіруді; ЖОО-да мүгедектерге білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында штаттық қызметкерлерді: тьюторды, арнайы психологты, арнайы құрылымдық бөлім құруды көздейді [3].

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету: инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін метептердегі материалдық-техникалық базаны арнайы оқу-әдістемелік, техникалық көмекші компенсаторлық құралдармен қамтамасыз ету және қолжетімді «кедергісіз орта» құру есебінен нығайту механизмдерін игеруді; білім беру ұйымдарын және жоғары оқу орындарын білім беру 10 бағдарламаларын меңгеру тиімділігін көтеретін көмекші техникалық құралдармен қамтамасыз етуге және мүгедектерге арналған оқу кабинеттері мен аудиториялардағы арнайы орындардың болуына қойылатын талаптарды әзірлеуді көздейді.

Инклюзивті білім беруді дамытуды ақпараттық қамтамасыз ету: қоғамды, үкіметтік емес ұйымдарды тарту арқылы ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға қоғамның толеранттық қарым-қатынасын қалыптастыруды, сондай-ақ балалар құқығын қорғауға бағытталған бағдарламаларды жергілікті атқарушы органдармен әзірлеуді көздейді; әр білім алушының компенсаторлық техникалық және көмекші құралдарға ерекше білім алу, әлеуметтік, оңалту мұқтаждықтары, қажеттіліктері мен барлық білім беру деңгейлерінде көрсетілетін түзету-педагогикалық қолдау түрлері мен көлемі туралы мәліметтері көрсетілуі тиіс мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау жүйесін ақпараттандырудың техникалық-экономикалық негізін әзірлеуді көздейді.

Жүзеге асырудың негізгі шарттары: нормативтік-құқықтық негіздерді жетілдіру; ғылыми, оқу-әдістемелік, кадрлық, қаржылық-экономикалық және басқа да ресурстардың шоғырлануы; әлеуметтік-педагогикалық шарттарды құру; ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды әлеуметтік бейімдеуге және кәсіби бағдарлау мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасау; балалардың жеке мүмкіндіктері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалануды қамтамасыз ететін интерактивті оқыту.

Институттар, орталықтар мен жалпы университеттік кафедралардың мамандары заманауи компьютерлік және ақпараттық технологиялардың көмегімен мүмкіндігі шектеулі әрбір тыңдаушы мен студентке жеке көзқарасқа негізделген мүгедектердің инклюзивті білім беруі бойынша әдістемелік материалдар әзірлейді. ЖОО-да инклюзивті білім беруді енгізу кезінде бірнеше проблемалық мәселелері: кедергісіз білім беру ортасының болмауы, техникалық құралдар және оқу әдістемелік материалдар барлық студенттер үшін қол жетімді болуы; арнайы лифттер, барлық оқу мекемелеріндегі транспортерлер; жеке тәлімгер көмекші, оқытушылардың ДМШ студенттерімен жұмыс істеуге дайын еместігі; көру қабілеті бұзылған немесе физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған арнайы пернетақталар; жоғары оқу орындарында (жеке, сондай-ақ мемлекеттік) қаржы қаражатының жетіспеушілігі); дене кемістігі бар студенттердің өздерін қоса алғанда, педагог кадрлардың және білім алушылардың барлық контингентінің даярланбауы; мүмкіндігі шектеулі студенттерге салыстырмалы түрде сау студенттер жағынан жағымсыз көзқарас мүмкін болуы [4, 21 б].

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Бөлінген мәселелерге сүйене отырып, проблемаларды шешу іс-шаралар кешені: архитектуралық оқу қолжетімділігін қамтамасыз ету, спорттық және мәдени құрылыстар, сондай-ақ университет жатақханаларында мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған ақпараттық білім беру порталы; тьюторлар, кеңесшілер немесе ассистенттер командасын дайындау, олар мүмкіндігі шектеулі студенттерге көмектеседі; мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен толерантты қарым-қатынас қалыптастыруға; мүмкіндігі шектеулі студенттерге күндізгі, сырттай, қашықтықтан, аралас оқыту форманы нақты таңдау мүмкіндігін беру; арнайы педагогикалық білімі жоқ оқытушыларды ДМШ студенттерімен жұмыс істеу үшін қайта даярлау; оқу процесін студенттердің әртүрлі санаттары үшін қолжетімді етуге мүмкіндік беретін заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды енгізу; мүгедек адамдарға қарым-қатынасты оңтайландыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды енгізу; оқытушылар мен студенттерді инклюзивті білім беру ортасына бейімдеу, ұжымда толерантты қарым-қатынасты және мүгедек адамдардың проблемаларын түсінуді қалыптастыру болып табылады [5, 15 б].

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытудың басты шарттарының бірі инклюзивті білім беру жүйесінде кедергісіз орта құру және тиісті техникалық жабдықтау болып табылады. Бұл үшін аудиторияларға қол жеткізуді және оқу орнының аумағында еркін жүруді қамтамасыз ететін арнайы жабдықтар мен құрылғылар арналған. Оларға рельстер, тұтқалар, пандустар, баспалдақтар, автоматты есік ашқыштар және т.б., санитариялық бөлмелерге арналған мамандандырылған жабдықтар және ДМШ бар студенттерге арналған оқу үй-жайларына арналған арнайы жиһаз, есту немесе көру қабілеті шектеулі студенттер үшін оқу процесін жеңілдететін бірқатар техникалық құрылғылар мен қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беру, мүгедектікпен ғана емес, барлық білім алушылар табысқа жетуге, қауіпсіздікті сезінуге, ұжымда бірге болудың құндылығын сезінуге мүмкіндік беретін қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция», 2006
2. «Қазақстан Республикасы Президентінің №1118 Жарлығы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы», 2010
3. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы»
4. Р.Б. Каримова «Основные проблемы и задачи инклюзивного образования в РК», 2012
5. Л.В. Ишбулатова «Құрама үлгідегі МДҰ-да инклюзивтік білім беру», 2015

УДК 372.881.1

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ TED TALKS НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Озарникова М.В., 4 курс, иностранный язык: два иностранных языка, педагогический институт, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова

Бурмагина Л.А., старший преподаватель кафедры иностранных языков, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова

Данная статья посвящена использованию TED talks в качестве дополнительного ресурса на уроках английского языка. Авторы рассматривают инновационные технологии как один из перспективных методов обучения и возможность применения TED talks для отра-